





АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ:  
**«БАЛАЛАРДЫ  
ТЕРЕЗЕДЕН  
ҚҰЛАП КЕТУДЕН ҚОРҒАУ»**

РОДИТЕЛЬСКОЕ СОБРАНИЕ:  
**«ЗАЩИТА ДЕТЕЙ  
ОТ ВЫПАДЕНИЯ ИЗ ОКОН»**



## Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар!

Бүгін біз балаларымыздың үйдегі және мектептегі қауіпсіздігі туралы, атап айтқанда оларды терезеден құлап кетуден қорғау туралы сөйлесеміз. Бұл тақырып өте маңызды, өйткені қайғылы статистикаға сәйкес, жазатайым оқиғалардың көпшілігі ересектердің назар аудармауы себебінен орын алады. Кішкентай балалар үшін бәрі қызық, олар өте белсенді, сондықтан оларды тіпті бір сәтке де қараусыз қалдыруға болмайды.

**Өткен жылы жазғы кезеңде балалардың терезеден құлауының 140-тан астам жағдайы орын алды, оның 30-дан астамы өліммен аяқталды.**

**Терезеден құлау жағдайлары барлық өңірлерде кездеседі.**

**Астанада** 2024 жылдың шілдесінде үш жасар москит торына сүйеніп, **бесінші қабаттан құлап**

## Здравствуйте, уважаемые родители!

Сегодня мы поговорим о безопасности наших детей в доме и в школе, а именно о защите от выпадения из окон. Эта тема крайне важна, так как, по печальной статистике, большинство несчастных случаев происходит из-за невнимательности взрослых. Маленькие дети любопытны и активны, и даже одна секунда может стать решающей.

**В прошлом году за летний период произошло более 140 случаев выпадения детей из окон, из них более 30 с летальным исходом.**

**Случаи выпадения из окон происходят во всех регионах.**

**В Астане** в июле 2024 года трехлетний ребенок **выпал с пятого этажа**, облокотившись на москитную сетку. Родители оста-



**кеткен.** Оны ата-анасы бірнеше минутқа қараусыз қалдырған. **Алматыда** төрт жасар бала терезенің алдына шығып, **сегізінші қабаттан құлаған**, әжесі сол сәтте үйде болған. **Қарағандыда** қайғылы оқиға түнде болды: ата-анасы көрші бөлмеде болған кезде екі жасар бала **төртінші қабаттан құлаған**.

Терезеден құлаған барлық жағдайда балалар әртүрлі жиһаз заттарын қолданып немесе москит торына сүйене отырып, терезеге өздері шыққан.

Бұл статистика қорқынышты және қайғылы жағдайдың алдын алу үшін ерекше назар аудару керек екенін еске салады.

**Көп жағдайда 2 жас**  
**жастан 5 жасқа дейінгі**  
**балалар қараусыз қалып,**  
**зардап шекті.**

вили его без присмотра всего на несколько минут. **В Алматы** четырехлетний мальчик **выпал с восьмого этажа**, взобравшись на подоконник, когда дома находилась бабушка. **В Караганде** трагедия произошла ночью: двухлетний ребенок **выпал с четвертого этажа**, когда родители были в соседней комнате.

Во всех случаях падения дети самостоятельно забирались на подоконник, используя в качестве подставки различные предметы мебели либо опираясь на противомоскитную сетку.

Эта статистика пугает и напоминает нам о том, что необходимо быть особенно внимательными, чтобы предотвратить трагедию.

**В большинстве случаев пострадавшими стали дети в возрасте от 2 до 5 лет, оставленные без присмотра.**

Талдау көрсеткендей, ұлдардың терезеден құлап кету қаупі едәуір жоғары, бұл олардың белсенділігі мен қоршаған ортаны зерттеуге бейімділігіне байланысты болуы мүмкін. Оқиғалардың басым көпшілігі үйлерінде болды, бұл балалар тұратын пәтерлер мен үйлер тәуекелдің негізгі көзі екенін көрсетеді. Қайғылы оқиғалардың негізгі себептері: терезелерде қорғаныс құрылғыларының болмауы (жағдайлардың 80% - дан астамы), жалған қауіпсіздік сезімін тудыратын москит торларын пайдалану, сондай-ақ терезенің жанында жиһаздың болуы.

**16 жағдай түнде, 22:00-ден 03:40-қа дейінгі аралықта болды, әдетте балалар осы кезде ұйықтауы керек. Бұл балалардың түнгі қауіпсіздігін мұқият бақылау қажеттілігін көрсетуі мүмкін.**

**Қайғылы жағдайды болдырмау үшін бірнеше негізгі ережені есте ұстаған жөн.**

**Біріншіден,** баланы ешқашан терезесі ашық бөлмеде жалғыз қалдырмаңыз, тіпті бірнеше секундқа. Балалар епті және ізденімпаз – қайғылы оқиға үшін бір секундқа назар аудармау жеткілікті болуы мүмкін.


**Екіншіден,** терезелердің жанына орындықтар, креслолар, пуфиктер немесе бала көтеріліп шыға алатын басқа заттарды қоймаңыз.

Балаларға москит торлары сенімді қорғаныс емес екенін түсіндіру де маңызды – олар жалған қауіпсіздік сезімін тудыра-

Анализ показывает, что мальчики значительно чаще подвергаются риску выпадения из окон, что может быть связано с их повышенной активностью и склонностью к исследованию окружающей среды. Подавляющее большинство происшествий произошло дома, что указывает на то, что квартиры и дома, где живут дети, являются основным источником риска. Основными причинами трагедий стали: отсутствие защитных устройств на окнах (более 80% случаев), использование москитных сеток, создающих ложное ощущение безопасности, а также нахождение мебели у окна.

**16 случаев произошло в ночное время — в период с 22:00 до 03:40, когда дети, как правило, должны спать. Это может указывать на необходимость более тщательного контроля за безопасностью детей в ночное время.**





ды, бірақ баланың салмағын көтере алмайды.

Максималды қауіпсіздік үшін терезеге баланың терезені **өз бетінше ашуына мүмкіндік бермейтін арнайы құлыптарды, блокираторларды немесе құлыпталған тұтқаларды орнату ұсынылады.** Құлыпталған тұтқа терезені жабық күйде бекітуге немесе желдету үшін кішкене саңылау қалдыруға мүмкіндік береді, бірақ бала терезені толық ашуына жол бермейді.

**Поликарбонат торы:** терезенің сыртқы түрін бұзбайтын, жарық пен таза ауаның кіруіне кедергі жасамайтын, бірақ балалардың құлап кетуіне сенімді түрде жол бермейтін мөлдір және берік қорғаныс.

Сондай-ақ, балкондар туралы ұмытпаңыз – бала ересектердің сүйемелдеуінсіз онда шықпауы керек, ал қоршаулар сенімді және биік болуы керек.

**Есіңізде болсын:** тіпті кішкене сақтық шарасы баланың өмірін сақтап қалуы мүмкін.

### **Чтобы избежать трагедии, важно помнить несколько ключевых правил.**

**Во-первых,** никогда не оставляйте ребенка одного в комнате с открытым окном, даже на несколько секунд. Дети подвижны и любознательны – одной секунды невнимательности может быть достаточно для несчастного случая.

**Во-вторых,** не ставьте возле окон стулья, кресла, пуфики или другие предметы, на которые ребенок может забраться.

Не менее важно объяснить детям, что москитные сетки не являются надежной защитой – они создают ложное чувство безопасности, но не выдерживают веса ребенка.

Для максимальной безопасности рекомендуется **установить на окна специальные фиксаторы, блокираторы или ручки с замком,** которые не позволят ребенку самостоятельно открыть окно. Ручка с замком позволяет зафиксировать окно в закрытом положении или оставить неболь-

Балалардың қауіпсіздігі үйде ғана емес, мектепте де маңызды. Балаларға мектептер мен балабақшаларда балаларға терезелерге шығуға, терезелерді рұқсатсыз ашуға болмайтынын түсіндіріңіз. Қауіпсіз ортаны ұйымдастыру – бұл ата-аналардың, тәрбиешілердің және мектеп әкімшілігінің бірлескен жұмысы.

Үлестірме материал (негізгі ережелері бар жадынамалар)

Құрметті ата-аналар, балаларымыздың қауіпсіздігі – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Сіздерден осы ұсынымдарға мұқият қарауды, үйіңіздегі терезелерді қорғау үшін қажетті шаралар қабылдауды және балаларға қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйретулеріңізді сұраймыз. Бұл кеңестер сіздің балаларыңыз үшін қауіпсіз орта құруға көмектеседі деп үміттенеміз.

**Назар аударғандарыңыз үшін рахмет!** Егер сұрақтарыңыз болса, біз оларға жауап беруге дайынбыз.

**Өздеріңізді және балаларыңызды қорғаңыздар! Сау болыңыздыр.**



шую щель для проветривания, исключая возможность полного открытия ребенком.

**Поликарбонатная решетка:** прозрачная и прочная защита, которая не искажает внешний вид окна, не препятствует проникновению света и свежего воздуха, но при этом надежно предотвращает выпадение детей.

Также не забывайте про балконы – ребенок не должен выходить туда без сопровождения взрослых, а перила должны быть надежными и высокими.

**Помните:** даже небольшая мера предосторожности может спасти жизнь ребенка.

Безопасность детей важна не только дома, но и в школе. Разъясняйте детям, что в школах и детских садах детям также нельзя залезать на подоконники, открывать окна без разрешения. Организация безопасной среды – это совместная работа родителей, педагогов и администрации школы.

Раздаточный материал (памятки с ключевыми правилами)

Уважаемые родители, безопасность наших детей – это наша общая ответственность. Просим вас внимательно отнестись к этим рекомендациям, принять необходимые меры по защите окон в вашем доме и обучить детей правилам безопасного поведения. Надеемся, что эти советы помогут вам создать более безопасную среду для ваших детей.

**Спасибо за внимание!** Если у вас есть вопросы, мы готовы на них ответить.

**Берегите себя и своих детей!  
До свидания.**

